Sinoasia B&R	**КЛЮЧЕВОЙ ИНФОРМАЦИОННЫЙ ДОКУМЕНТ** **Добровольное страхование квартиры «Под ключ» /** НЕГІЗГІ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЖАТ Пәтерді «Под ключ» ерікті сақтандыру	Редакция: №1 / Редакция: №1

Ключевой информационный документ о страховом продукте – документ, содержащий в краткой и доступной форме основную информацию о страховом продукте, включая информацию об особенностях, условиях и рисках страхового продукта. Полные условия страхования, включая страховые риски, исключения, ограничения, права и обязанности сторон, определяются Договором страхования (Страховым полисом), и Правилами страхования, являющимися неотъемлемой частью Договора страхования / Страхового полиса./

Сақтандыру өнімі туралы негізгі ақпараттық құжат – сақтандыру өнімінің ерекшеліктері, шарттары мен тәуекелдері туралы ақпаратты қоса алғанда, сақтандыру өнімі туралы негізгі ақпаратты қысқа және қолжетімді нысанда қамтитын құжат. Сақтандырудың толық талаптары, оның ішінде сақтандыру тәуекелдері, алып тастаулар, шектеулер, тараптардың құқықтары мен міндеттері Сақтандыру шартымен (Сақтандыру полисімен) және Шартта (Сақтандыру полисінде) көзделген жағдайларда оның ажырамас бөлігі болып табылатын Сақтандыру қағидаларымен айқындалады.

Страховщик / Сақтандырушы	АО «Страховая Компания «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» (далее – Общество) / «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам)
Вид страхования / Сақтандыру түрі	Добровольное страхование / Ерікті сақтандыру
Класс страхования / Сақтандыру сыныбы	**Раздел А:** страхование имущества от ущерба; **Раздел В:** страхование гражданско-правовой ответственности. / **А бөлімі**: мүлікті залалдан сақтандыру; **В бөлімі:** азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру.
Правила страхования / Сақтандыру ережелері	**Раздел А:** Правила добровольного страхования имущества от ущерба, за исключением классов, указанных в подпунктах 3)–7) пункта 3 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О страховой деятельности». Дата утверждения: 08.09.2022 г. (решение Совета директоров, протокол № 06-2022). **Раздел В**: Правила добровольного страхования гражданско-правовой ответственности. Дата утверждения: 17.12.2024 г. (№ 13). **А бөлімі:** «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 3)–7) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, мүлікті залалдан ерікті сақтандыру ережелері.Бекітілген күні: 08.09.2022 ж. (Директорлар кеңесінің шешімі, № 06-2022 хаттама). **В бөлімі:** Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережелері.Бекітілген күні: 17.12.2024 ж. (№ 13).
Общая информация о продукте / Өнім туралы жалпы ақпарат	Программа предназначена для добровольного **страхования квартир в многоквартирных домах, используемых для проживания.** Страхование обеспечивает финансовую защиту при повреждении, уничтожении или утрате внутренней отделки и имущества, находящегося в квартире, а также при причинении Страхователем ущерба имуществу соседей./ Бағдарлама **тұрғын үй-жай ретінде пайдаланылатын көппәтерлі тұрғын үйлердегі пәтерлерді ерікті сақтандыруға** арналған. Сақтандыру пәтердің ішкі әрлеуі мен онда орналасқан мүлік бүлінген, жойылған немесе жоғалған жағдайда, сондай-ақ Сақтанушы көршілердің мүлкіне зиян келтірген жағдайда қаржылық қорғауды қамтамасыз етеді.
Объект страхования / Сақтандыру объектісі	**Раздел А – Квартира и имущество в ней** **Страхование распространяется на имущество в квартире:** • **внутренняя отделка** – двери и окна (включая стекла), полы (кроме перекрытий), легкие перегородки, отделка стен, пола и потолка, сантехническое и инженерное оборудование, системы вентиляции, кондиционирования и отопления; • **движимое имущество** – мебель, бытовая техника (холодильник, стиральная и посудомоечная машины, плита, духовой шкаф, кондиционер, телевизор и др.), спортивное оборудование, ковры и шторы. Страхование защищает от финансовых потерь при повреждении, уничтожении или утрате указанного имущества в результате страхового случая. **Раздел В – Ответственность перед соседями** Страхование покрывает ответственность Страхователя за ущерб, причиненный имуществу третьих лиц (соседей) при владении или пользовании квартирой./ **А бөлімі – Пәтер және ондағы мүлік** **Сақтандыру пәтердегі мынадай мүлікке қолданылады:** • **ішкі әрлеу** – есіктер мен терезелер (әйнектерімен қоса), едендер (аражабындарды қоспағанда), жеңіл қалқалар, қабырғалардың, еден мен төбенің әрлеуі, санитариялық-техникалық және инженерлік жабдықтар, желдету, ауа баптау және жылыту жүйелері; • **жылжымалы мүлік** – жиһаз, тұрмыстық техника (тоңазытқыш, кір жуатын және ыдыс жуатын машиналар, плита, тұмшапеш, ауа баптағыш, теледидар және т.б.), спорттық жабдықтар, кілемдер мен перделер**.** Сақтандыру сақтандыру жағдайы нәтижесінде аталған мүлік зақымданған, жойылған немесе жоғалған кезде қаржылық шығындардан қорғайды. **В бөлімі – Көршілер алдындағы жауапкершілік**

	Сақтандыру пәтерді иелену немесе пайдалану кезінде үшінші тұлғалардың (көршілердің) мүлкіне келтірілген залал үшін Сақтанушының жауапкершілігін қамтиды.
Страхователь / Сақтанушы	Физическое лицо (собственник квартиры или другое лицо), заключившее Договор страхования/Страховой полис и оплатившее страховую премию. / Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасасқан және сақтандыру сыйлықақысын төлеген жеке тұлға (пәтердің меншік иесі немесе басқа тұлға).
Основные требования к Страхователю / Сақтанушыға қойылатын негізгі талаптар:	
1) Для оформления страхования необходимо **заполнить заявление-анкету и предоставить достоверную информацию**. 2) Необходимо **оплатить страховую премию** в установленном размере и в предусмотренный срок. 3) В период действия страхования необходимо **сообщать Страховщику о существенных изменениях**, которые могут увеличить риск наступления страхового случая, например о проведении ремонта или других изменениях в квартире. / 1) Сақтандыруды рәсімдеу үшін **өтініш-сауалнаманы толтырып, дұрыс ақпарат ұсыну** қажет. 2) **Сақтандыру сыйлықақысын** белгіленген мөлшерде және көзделген мерзімде **төлеу** қажет. 3) Сақтандыру кезеңінде сақтандыру жағдайының туындау қаупін арттыруы мүмкін **елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлау** қажет, мысалы, пәтерде жөндеу жұмыстарының жүргізілуі немесе басқа да өзгерістер туралы.	
Застрахованный / Сақтандырылған	**Страхователь /** Сақтанушы
Выгодоприобретатель / Пайда алушы	Лицо, в пользу которого осуществляется страховая выплата, – собственник застрахованного имущества. / Сақтандыру төлемі пайдасына жүзеге асырылатын тұлға – сақтандырылған мүліктің меншік иесі.
Страховые риски и страховые случаи / Сақтандыру тәуекелдері және сақтандыру жағдайлары	**Раздел А – имущество** Страховой случай – повреждение, уничтожение и/или утрата застрахованного имущества в результате: 1) **«Пожар, взрыв»** – воздействие огня, дыма, продуктов горения, ударной волны, а также меры по тушению пожара; 2) **«Воздействие жидкости»** – авария систем отопления, водопровода, канализации, пожаротушения в квартире или случайное срабатывание систем пожаротушения; 3) **«Противоправные действия третьих лиц»** – кража со взломом, грабеж, разбой, умышленное или неосторожное повреждение имущества (в том числе поджог), хулиганство, вандализм; 4) **«Внешнее воздействие»** – наезд, удар или падение транспортного средства, летательного аппарата или его обломков, дерева, столба, частей зданий и сооружений. **Раздел В – ответственность перед соседями** **«Гражданско-правовая ответственность»** – обязанность Страхователя возместить ущерб имуществу соседей, если ущерб причинен из застрахованной квартиры в результате пожара, взрыва (в том числе бытового газа), воздействия жидкости или тушения пожара. Обязанность возместить ущерб подтверждается **решением суда**, вступившим в законную силу. / **А бөлімі – мүлік** Сақтандыру жағдайы – сақтандырылған мүліктің мына оқиғалар нәтижесінде зақымдануы, жойылуы және/немесе жоғалуы: 1) **«Өрт, жарылыс»** – оттың, түтіннің, жану өнімдерінің, соққы толқынының әсері, сондай-ақ өртті сөндіру жөніндегі шаралар; 2) **«Сұйықтықтың әсері»** – пәтердегі жылыту, су құбыры, кәріз, өрт сөндіру жүйелерінің авариясы немесе өрт сөндіру жүйелерінің кездейсоқ іске қосылуы; 3) **«Үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері»** – бұзып кіріп ұрлау, тонау, қарақшылық, мүлікті қасақана немесе абайсызда бүлдіру (оның ішінде өртеу), бұзақылық, вандализм; 4) **«Сыртқы әсер»** – көлік құралының, ұшу аппаратының немесе оның сынықтарының, ағаштың, бағананың, ғимараттар мен құрылыстар бөліктерінің соғылуы, соқтығысуы немесе құлауы. **В бөлімі – көршілер алдындағы жауапкершілік** **«Азаматтық-құқықтық жауапкершілік» –** залал сақтандырылған пәтерден өрт, жарылыс (оның ішінде тұрмыстық газдың жарылуы), сұйықтықтың әсері немесе өртті сөндіру нәтижесінде келтірілсе, Сақтанушының көршілердің мүлкіне келтірілген залалды өтеу міндеті. Залалды өтеу міндеті заңды күшіне енген сот шешімімен расталады.
Сроки страхования / Сақтандыру мерзімі	Срок страхования – 12 месяцев. Также можно оформить страхование на более короткий срок – от 1 месяца. Страховая защита начинает действовать с 00:00 третьего дня после начала срока страхования. До этого момента страховые случаи не покрываются./ Сақтандыру мерзімі – 12 ай. Сондай-ақ сақтандыруды қысқа мерзімге – 1 айдан бастап рәсімдеуге болады. Сақтандыру қорғауы сақтандыру мерзімі басталғаннан кейінгі үшінші күннің сағат 00:00-інен бастап қолданылады. Осы уақытқа дейін болған сақтандыру жағдайлары өтелмейді.
Страховая сумма (лимит ответственности) / Сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті)	Страховая сумма – максимальная сумма, в пределах которой осуществляется страховая выплата. Клиенту предлагаются три варианта страховой суммы: **3 000 000, 5 000 000 и 10 000 000 тенге**./ Сақтандыру сомасы – сақтандыру төлемі жүзеге асырылатын ең жоғары сома. Клиентке сақтандыру сомасының үш нұсқасы ұсынылады: **3 000 000, 5 000 000 және 10 000 000 теңге**.

Страховая премия и порядок оплаты / Сақтандыру сыйлықақысы және төлем тәртібі	Стоимость страхования зависит от выбранной страховой суммы. Оплатить страхование можно: • **одним платежом** – за весь срок страхования; • **ежемесячно** – каждый платеж составляет не менее **10% годовой стоимости страхования**. Сақтандыру құны таңдалған сақтандыру сомасына байланысты. Сақтандыру ақысын: • **біржолғы төлеммен** – бүкіл сақтандыру мерзімі үшін; **ай сайын** – әрбір төлем жылдық сақтандыру құнының кемінде **10%-ын** құрайтындай етіп төлеуге болады.
Франшиза / Шегерім	Безусловная франшиза – часть ущерба, которая не возмещается Страховщиком и вычитается из суммы страховой выплаты при повреждении имущества. Размер франшизы указывается в Договоре страхования / Страховом полисе. / Шартсыз шегерім (франшиза) – мүлік зақымданған кезде Сақтандырушы өтемейтін және сақтандыру төлемінің сомасынан шегерілетін залалдың бір бөлігі. Шегерім мөлшері Сақтандыру шартында / Сақтандыру полисінде көрсетіледі.
Территория страхования / Сақтандыру аумағы	Республика Казахстан, адрес квартиры, указанный в Договоре страхования/Страховом полисе / Қазақстан Республикасы, Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көрсетілген пәтердің мекенжайы
Особые условия страхования / Сақтандырудың ерекше шарттары	1) Для оформления страхования предварительный осмотр квартиры не требуется. 2) Если в течение **24 часов** произошло несколько убытков по одной и той же причине, они считаются **одним страховым случаем**. 3) Кража покрывается страхованием, если имеются следы взлома дверей, замков или других конструкций квартиры либо следы использования поддельных ключей. Если для проникновения использовались украденные у Страхователя ключи, кража покрывается при условии, что: • она произошла в течение **24 часов** с момента, когда Страхователь узнал или должен был узнать о пропаже ключей; • в течение этих же **24 часов** Страхователь сообщил о краже ключей в полицию. После осуществления страховой выплаты действие страхования прекращается./ 1) Сақтандыруды рәсімдеу үшін пәтерді алдын ала тексеру талап етілмейді. 2) Егер **24 сағат** ішінде бір себептен бірнеше залал туындаса, олар **бір сақтандыру жағдайы** болып есептеледі. 3) Егер пәтердің есіктерін, құлыптарын немесе басқа конструкцияларын бұзу іздері не жалған кілттерді пайдалану белгілері болса, ұрлық сақтандырумен өтеледі. Егер пәтерге кіру үшін Сақтанушыдан ұрланған кілттер пайдаланылса, ұрлық мына жағдайларда сақтандырумен өтеледі: • ұрлық Сақтанушы кілттердің жоғалғанын білген немесе білуге тиіс болған сәттен бастап **24 сағат ішінде** орын алса; • Сақтанушы осы **24 сағат ішінде** кілттердің ұрланғаны туралы полицияға хабарласа. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандырудың қолданылуы тоқтатылады.

Основные исключения и ограничения страхования / Сақтандырудың негізгі алып тастаулары мен шектеулері:

Ограничения:
– страхуются только квартиры в многоквартирных домах, используемые для проживания;
– не страхуются ценные вещи: ювелирные изделия, изделия из драгоценных камней и металлов, коллекции, предметы искусства, изделия из натурального меха, антиквариат, предметы культурной и исторической ценности, ноутбуки, планшеты, сотовые телефоны и рации.

Что не покрывается страховкой:
– ущерб от электрического тока (скачки напряжения, короткое замыкание) с возгоранием или без него;
– ущерб от намеренного воздействия огня или тепла при бытовых процессах (сушка, варка, глажка и т.п.);
– попадание дождя, снега, града через крышу, открытые окна и двери;
– ущерб из-за изношенных или аварийных инженерных систем, если Страхователь не обеспечил их обслуживание и ремонт;
– дефекты имущества, о которых Страхователь знал до оформления Договора страхования/Страхового полиса и не сообщил Страховщику; естественный износ, ветхость, гниение;
– ущерб из-за несогласованной перепланировки или ремонтных, строительных, отделочных работ в квартире;
– плесень, грибок и другие последствия длительной сырости;
– нарушение правил пожарной безопасности, которое привело к событию (неосторожное использование бытовых электроприборов покрывается);
– ущерб от транспорта, животных, летательных аппаратов Страхователя, членов его семьи или работников;
– события в зоне чрезвычайной ситуации или чрезвычайного положения, объявленной на дату оформления Договора страхования / Страхового полиса;
– ущерб, причиненный лицами, которые проживают вместе со Страхователем, ведут с ним общее хозяйство или работают у него (Страховщик вправе отказать в выплате);
– по Разделу В: ущерб, причиненный умышленно, в состоянии опьянения, из-за непреодолимой силы, до начала действия страховой защиты, работникам и подрядчикам Страхователя, а также из-за длительного воздействия пара, влаги, копоти, пыли.

Шектеулер:

– тек көппәтерлі үйлердегі тұру үшін пайдаланылатын пәтерлер сақтандырылады;
– құнды заттар сақтандырылмайды: зергерлік бұйымдар, асыл тастар мен металдардан жасалған бұйымдар, коллекциялар, өнер туындылары, табиғи теріден жасалған бұйымдар, антиквариат, мәдени және тарихи құндылығы бар заттар, ноутбуктер, планшеттер, ұялы телефондар және рациялар.

Сақтандыру нені өтемейді:
– өрт шыға отырып немесе өртсіз электр тогынан (кернеудің секіруі, қысқа тұйықталу) келтірілген залал;
– тұрмыстық процестер (кептіру, пісіру, үтіктеу және т.б.) кезінде отпен немесе жылумен әдейі әсер етуден келтірілген залал;
– жаңбырдың, қардың, бұршақтың шатыр, ашық терезелер мен есіктер арқылы кіруі;
– Сақтанушы қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз етпеген тозған немесе апаттық инженерлік жүйелер салдарынан келтірілген залал;
– Сақтанушы Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін рәсімдегенге дейін білген және Сақтандырушыға хабарламаған мүлік ақаулары; табиғи тозу, ескіру, шіру;
– келісілмеген қайта жоспарлау немесе пәтердегі жөндеу, құрылыс, әрлеу жұмыстары салдарынан келтірілген залал;
– зең, саңырауқұлақ және ұзақ ылғалдылықтың басқа да салдары;
– оқиғаға әкеп соққан өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу (тұрмыстық электр аспаптарын абайсыз пайдалану өтеледі);
– Сақтанушының, оның отбасы мүшелерінің немесе жұмыскерлерінің көлігінен, жануарларынан, ұшу аппараттарынан келтірілген залал;
– Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін рәсімдеген күні жарияланған төтенше жағдай немесе төтенше жағдай режимі аймағындағы оқиғалар;
– Сақтанушымен бірге тұратын, онымен ортақ шаруашылық жүргізетін немесе оның қолында жұмыс істейтін адамдар келтірген залал (Сақтандырушы төлемнен бас тартуға құқылы);
– **В бөлімі бойынша:** қасақана, мас күйде, еңсерілмейтін күш салдарынан, сақтандыру қорғауы басталғанға дейін келтірілген, Сақтанушының жұмыскерлері мен мердігерлеріне келтірілген, сондай-ақ будың, ылғалдың, күйенің, шаңның ұзақ әсерінен келтірілген залал.

Действия Страхователя при наступлении страхового случая / Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі әрекеттері:

1. Принять меры для спасения людей и уменьшения ущерба.
2. В течение **24 часов** сообщить о событии Страховщику по номеру **2040** и в уполномоченный орган: при пожаре – в противопожарную службу; при аварии инженерных систем – в аварийную службу или КСК; при краже, грабеже, вандализме, наезде транспорта – в полицию.
3. В течение **3 (трех) рабочих дней** подать Страховщику письменное заявление о страховом случае.
4. **Не ремонтировать и не выбрасывать** поврежденное имущество до решения Страховщика без его письменного согласия; обеспечить осмотр имущества представителем Страховщика.
5. Представить Страховщику **необходимые документы для выплаты**

Расходы на независимую экспертизу оплачивает Страхователь. /

1. Адамдарды құтқару және залалды азайту үшін шаралар қабылдау.
2. **24 сағат** ішінде оқиға туралы Сақтандырушыға **2040** нөмірі бойынша және уәкілетті органға хабарлау: өрт кезінде – өрт қызметіне; инженерлік жүйелер авариясы кезінде – авариялық қызметке немесе ПИК-ке; ұрлық, тонау, вандализм, көлік соғылуы кезінде – полицияға.
3. **3 (үш) жұмыс күні** ішінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы жазбаша өтініш беру.
4. Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз ол шешім қабылдағанға дейін зақымданған мүлікті **жөндемеу және лақтырмау**; мүлікті Сақтандырушы өкілінің тексеруін қамтамасыз ету.
5. Сақтандырушыға **қажетті құжаттарды** ұсыну.

Тәуелсіз сараптаманың шығыстарын Сақтанушы төлейді.

Порядок страховой выплаты / Сақтандыру төлемінің тәртібі:

После получения всех необходимых документов Страховщик принимает решение о выплате **в течение 15 рабочих дней**. Если документов не хватает, об этом сообщат **в течение 3 рабочих дней**.
Если требуется информация от уполномоченных органов, срок рассмотрения может быть продлен **до 3 месяцев**.
Выплата рассчитывается с учетом **износа имущества и франшизы** и производится в пределах установленного лимита./
Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін Сақтандырушы төлем туралы шешімді **15 жұмыс күні ішінде** қабылдайды. Құжаттар жетіспеген жағдайда, бұл туралы **3 жұмыс күні ішінде** хабарлайды.
Уәкілетті органдардан ақпарат қажет болса, қарау мерзімі **3 айға дейін** ұзартылуы мүмкін.
Төлем **мүліктің тозуы мен франшиза ескеріле отырып**, белгіленген лимит шегінде есептеледі.

Условия внесения изменений и прекращения Договора страхования / Страхового полиса / Сақтандыру шартына / Сақтандыру полисіне өзгерістер енгізу және оны тоқтату шарттары:

При досрочном прекращении страхования в случаях, предусмотренных пунктом 1 статьи 841 ГК РК, возвращается часть премии за оставшийся срок:

- в первые 14 календарных дней – за вычетом 10% оплаченной премии;
- с 15-го календарного дня – за вычетом 30% оплаченной премии.

Возврат производится в течение 5 рабочих дней после получения необходимых документов.
При отказе от страхования по инициативе Страхователя в случаях, предусмотренных пунктом 2 статьи 841 ГК РК, премия не возвращается. Если Страхователь не является собственником квартиры, для досрочного прекращения требуется письменное согласие собственника./
Сақтандыру ҚР АК 841-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылса, қалған мерзім үшін сыйлықақының бір бөлігі қайтарылады:

- алғашқы 14 күнтізбелік күн ішінде – төленген сыйлықақының 10%-ы шегеріледі;
- 15-ші күнтізбелік күннен бастап – төленген сыйлықақының 30%-ы шегеріледі.

Қаражат қажетті құжаттар алынғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде қайтарылады.
ҚР АК 841-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда Сақтанушының бастамасы бойынша сақтандырудан бас тартқан кезде сыйлықақы қайтарылмайды. Егер Сақтанушы пәтердің меншік иесі болмаса, сақтандыруды мерзімінен бұрын тоқтату үшін меншік иесінің жазбаша келісімі қажет.

Порядок подачи обращения/жалобы и урегулирования спорных вопросов / Өтініш/шағым беру және даулы мәселелерді реттеу тәртібі

Обращения и жалобы
По вопросам заключения и исполнения Договора страхования/Страхового полиса Страхователь вправе обратиться к Страховщику с обращением или жалобой. Контактные данные: адрес / мекенжайы: Республика Казахстан / Қазақстан Республикасы, A25X3D8, г. Алматы / Алматы қ., ул. Карасай батыра / Қарасай батыр көшесі, 34/95; ул. Радлова / Радлов көшесі, 71/1
тел.: +7 (727) 339-20-41, +7 (727) 339-20-42, call-центр 2040, сайт: www.sinoasia.kz
Споры между Страховщиком и Страхователем (Выгодоприобретателем) решаются путем переговоров. Если достичь согласия не удалось, спор разрешается в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан. /
Өтініштер мен шағымдар
Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасасу және орындау мәселелері бойынша Сақтанушы Сақтандырушыға өтінішпен немесе шағыммен жүгінуге құқылы. Байланыс деректері жоғарыда көрсетілген.
Сақтандырушы мен Сақтанушы (Пайда алушы) арасындағы даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Келісімге қол жеткізу мүмкін болмаса, дау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Важная информация
Информация, содержащаяся в настоящем КИД, предназначена для ознакомления Страхователя с основными условиями страхования.
Ознакомление Страхователя с КИД, Правилами страхования и иными документами, предоставляемыми при заключении Договора страхования / Страхового полиса, подтверждается подписью Страхователя, а при заключении Договора страхования / Страхового полиса в электронной форме – электронным подтверждением, позволяющим идентифицировать Страхователя и зафиксировать дату и время ознакомления.
При дистанционном заключении Договора страхования/Страхового полиса через интернет-ресурс, мобильное приложение или личный кабинет Страхователю предоставляется информация в объеме, предусмотренном законодательством Республики Казахстан и условиями страхования, и в формате, сопоставимом с личным взаимодействием. /

Маңызды ақпарат
Осы НАҚ-та қамтылған ақпарат Сақтанушыны сақтандырудың негізгі талаптарымен таныстыруға арналған.
Сақтанушының НАҚ-пен, Сақтандыру ережелерімен және Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасасу кезінде ұсынылатын өзге де құжаттармен танысқаны Сақтанушының қолымен, ал Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі электрондық нысанда жасалған кезде – Сақтанушыны сәйкестендіруге және танысу күні мен уақытын тіркеуге мүмкіндік беретін электрондық растаумен расталады.
Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі интернет-ресурс, мобильді қосымша немесе жеке кабинет арқылы қашықтан жасалған кезде Сақтанушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында және сақтандыру талаптарында көзделген көлемде және жеке өзара іс-қимылмен салыстырмалы форматта ақпарат беріледі.
Сақтанушымен оның жеке қатысуынсыз Сақтандырушының интернет-ресурсы, мобильді қосымшасы, жеке кабинеті арқылы өзара іс-қимыл жасау кезінде ақпарат Сақтанушымен жеке өзара іс-қимыл жасауға салыстырмалы көлемде және форматта ашып көрсетіледі.

ЭЛЕКТРОННОЕ ПОДТВЕРЖДЕНИЕ ОЗНАКОМЛЕНИЯ / ТАНЫСУДЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ РАСТАУ

Страхователь подтверждает, что до заключения Договора страхования ознакомился с настоящим КИД и Правилами страхования, а также получил информацию об основных условиях, особенностях, ограничениях и рисках страхового продукта. Подтверждение дается Страхователем электронной отметкой в информационной системе Страховщика. Идентификация Страхователя, дата и время ознакомления регистрируются информационной системой Страховщика. /

Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасқанға дейін осы НАҚ-пен және Сақтандыру қағидаларымен танысқанын, сондай-ақ сақтандыру өнімінің негізгі талаптары, ерекшеліктері, шектеулері мен тәуекелдері туралы ақпарат алғанын растайды. Растауды Сақтанушы Сақтандырушының ақпараттық жүйесінде электрондық белгі арқылы береді. Сақтанушыны сәйкестендіру, танысу күні мен уақыты Сақтандырушының ақпараттық жүйесінде тіркеледі.